

Л.С. Комекбаева<sup>1</sup>, Г.С. Серикова<sup>2</sup>, С.К. Кудайбергенова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан;

<sup>2</sup>Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қазақстан  
(E-mail: serikovagul@mail.ru)

## Халықтың өмір сапасы көрсеткіштерін қамтамасыз етудегі әлеуметтік сақтандыру ролі


Қазіргі жағдайларда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі Қазақстанда жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық реформалардың аса маңызды және қажетті элементіне айналды. Осыған байланысты өңірді экономикалық, әлеуметтік дамытудың құралы ретінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін ұйымдастыру мен оның жұмыс істеуінің теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеу аса өзекті бола түседі. Қазақстан Республикасының барлық облыстарында жүргізілген «Халықтың өмір сапасын» бір жолғы зерттеу нәтижелерін талдау әлеуметтік қорғаудың қалыптасқан жүйесін дамыту, еңбекшілер мен олардың отбасыларына алдын ала болжап білуге болмайтын жағдайларға сақтап қоятын сақтық ақшаларының мөлшерін қысқартуға және балаларының білім алуына қаражат салуға мүмкіндік беретінін, сондай-ақ ішкі тұтыну сұранысының өсуі мен өмір деңгейін арттыруға оң ықпал ететінін көрсетті. Мақалада әлеуметтік сақтандырудың тәжірибелік аспектілерін зерттеу негізінде әлеуметтік сақтандырудың қаржылық тетіктерінің жұмыс істеуінің базалық жағдайларының сабақтастығын сақтау оның мақсаты саналатын, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін дамытудың негізгі үрдістері анықталды. Мәселен, халықаралық сарапшылардың бағалаулары бойынша, әлеуметтік сақтандырудың қаржылық тетігі, шеткері децильдер арасындағы жалақының саралануы 1:6 үлкен емес болған кезде тиімді жұмыс жасайды. Қазақстанда Джини коэффициенті 2015 жылдың қорытындылары бойынша 27,8 % (0,276) белгіге жетіп, 2 пайыздық пунктке дейін жақсарды. Қазақстанда табыстарды бөлу сапасы өткен жылдың қорытындылары бойынша теңсіздік көрсеткіші елеусіз 26,7 % ғана болып, 2009 жылғы деңгейге жақындай отырып, шамалы жақсарғанын байқауға болады.

*Кілт сөздер:* әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қорғау, мемлекет, әлеуметтік саясат, мемлекеттік жәрдемақы, әлеуметтік төлемақы.

Өзін әлеуметтік мемлекет деп жариялаған, адамның лайықты өмірі мен еркін дамуын қамтамасыз етуге бағытталған саясат жүргізетін Қазақстан Республикасының Конституциясында ҚР азаматтарының әлеуметтік қорғалуға құқығы бекітілген.

Тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттің таңдап алған сенімді әлеуметтік саясаты мен стратегиялық құжаттарының арқасында Қазақстан қоғамдық ынтымақ пен әлеуметтік әділеттілік қағидаттарын ескере отырып, халықты әлеуметтік қорғау моделін жүзеге асырып келеді. Сондай-ақ елімізде әлемнің ең үздік жетістіктеріне негізделген жаңа экономикалық жағдайларға тез бейімделуге қабілетті, икемді әлеуметтік қорғау бағдарламаларын жасау бойынша іс-шаралар қабылдануда.


Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің 2006 жылғы 5,3 мың АҚШ долл. 2013 ж. 18,9 мың АҚШ долл. дейін өсуі тәуелсіздік жылдарындағы халықтың өмірін жақсарту көрсеткіштерінің бірі болып саналады (1-сур.).



1-сурет. 2006–2015 жж. Қазақстандағы халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ


Мемлекеттің әлеуметтік саясат бағыттарын бағалау, халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру және адамның өмір деңгейін бағалау мақсаттарында ең төменгі әлеуметтік стандарттар индикаторлары мен ең төменгі күнкөріс көрсеткіштері пайдаланылады [1; 101].

Дамыған елдердің әлеуметтік заңнамасында осы көрсеткіштің көмегімен кедейлік шегі өлшенеді: ең төменгі күнкөріс деңгейінен табысы төмен халық кедей деп танылады және мемлекет тарапынан қолдауға ие болуға құқығы бар. Ең төменгі күнкөріс деңгейіне көптеген әлеуметтік кепілдіктер: ең төменгі жалақы, ең төменгі зейнетақы, оқушылардың шәкіртақылары, кейбір жәрдемақылар байлаулы [2]. Сондай-ақ табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың саны 2006 жж. салыстырғанда 2005 ж. 12 есе азайды (2-сур.).




2-сурет. 2006–2015 жж. ҚР-дағы халықтың өмір деңгейінің индикаторлары

2014 ж. наурызындағы ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің ақпаратына сәйкес, «Халықтың өмір сапасына» бір жолғы зерттеу жүргізілген болатын. Зерттеу республиканың барлық облыстарында, Астана мен Алматы қалаларына жүргізілді. Деректер 12 мың үй шаруашылықтарына сұрау жүргізу жолымен жиналды, бұл ретте зерттелетін үй шаруашылықтарының басшылары зерттеу кезінде сұрау жүргізілушілер болып қатысты. Субъективтік бағалаулар бойынша, сұрау жүргізілгендердің жартысынан көбісі, немесе олардың 52,2 %-ы, өздерін кедей емеске де, сол сияқты орта тап емеске де жатқызған, 41,9 % — орта тапқа, 4,2 % — аз қамтамасыз етілгенге және 1,7 %-ы ғана өздерін жоғары орта тапқа жатқызған, олар сапалы өнімдерді тұтынатын, жайлы жағдайларда өмір сүретін, жұмысы, меншікті ісі және немесе табыс әкелетін меншігі барлар (3-сур.).




3-сурет. Сұрау жүргізілген үй шаруашылықтарының өмір деңгейін бағалау

Зерттеу қорытындылары бойынша, үй шаруашылықтарының 74,0%-ы өзінің өміріне қанағаттанады, бұл ретте ауылдық жерлердегі олардың үлесі көбірек – 76,1% (қалада – 72,7%). Осындай үй шаруашылықтарының өмірге деген құштарлығы, өздеріне қарағанда балалары болашақта жақсырақ өмір сүреді деген сеніммен байланысты. Олардың саны үй шаруашылықтары санының 79,3%-ын құрайды. Бұл 4-суретте көрсетілген.




4-сурет. Өз өміріне қанағаттанушылықты бағалау

Жалданып жұмыс жасау (82,2%), зейнетақы (29,7%) және жеке қосалқы шаруашылықтан алынған өнімдерді тұтыну (25,7%), сұрау жүргізілген үй шаруашылықтарының көпшілігі үшін өмір сүру құралдарының негізгі көздері болып саналады. Кесте түрінде бұл 5-суретте көрсетілген.



5-сурет. Өмір сүру құралдарының көздері

Сұрау жүргізілгендердің денсаулықтарымен байланысты проблемалары бар: дәрігерлік көмекке жүгінбегендер саны – 71,3%, сапасыз қызмет көрсету себебі бойынша – 20,2%, дәрілерді пайдаланып, өз бетімен емделгендер – 55,5%, халықтық емдеу құралдарымен емделгендер – 12,6% (6-сур.).



6-сурет. Сұрау жүргізілген үй шаруашылықтарының денсаулық проблемалары

Дамушы елдерде, оның ішінде Қазақстанда ең төменгі еңбекке ақы төлеуді қамтамасыз ететін жұмыспен қамтудың кепілдік жүйелері, осы талаптарды сақтау үшін жеке кәсіпорындарды ынталандыру тәсілі ретінде пайдаланылады. Бірақ бұл елдерде жалданбалы жұмыскерлер бүкіл жұмыс күшінің жартысына жуығын ғана құрайды, сондықтан кімдер өзін-өзі жұмыспен қамту жағдайларында жұмыс жасайды, соларды қоса алғанда, жұмыс орындарын ашу және өнімділік пен еңбекке ақы төлеуді арттыру бойынша қосымша іс-шаралар қажет.

Орташа еңбек өнімділігін арттыру, білім деңгейін арттырусыз және өнімді трансформациялау үшін әлеуетті кеңейту, сондай-ақ экономиканы дамытусыз оны шешу мүмкін емес болатын басты проблемалардың бірі болып қалуда. Әлеуметтік қорғаудың қалыптасқан жүйесін дамыту, еңбеккерлер мен олардың отбасыларына, алдын ала болжап білуге болмайтын мән-жағдайларға қалдырып қоятын сақтық ақшалардың мөлшерін қысқартуға, қаражатты балаларына білім беруге салуға мүмкіндік береді, сондай-ақ ішкі тұтыну сұранысының өсуіне және өмір деңгейінің артуына оң ықпал ететін болады.

Халықаралық тәжірибеде әлеуметтік қорғау жүйелерінің басым көпшілігінің міндеттері адамдардың табыстарының тұрақты болуын ұстап тұрудан тұрады.

Ең төменгі ақы төлеудің оңтайлы мөлшері туралы түсініктерге ұқсас, экономикалық дағдарыс кезеңіндегі осы құралдың рөлі туралы пікірде де алшақтық бар. Егер экономикасы дамыған елдермен ғана шектелетін болсақ, онда директивті органдар ең төменгі еңбекақыны еңбекшілердің әлсіз (әжуаз) топтарын әлеуметтік қорғау құралы ретінде белсенді пайдаланады деген әсер қалдырады.

Халықаралық тәжірибеде жұмыс берушілер мен жұмыскерлер арасында әлеуметтік сақтандырудың әрбір түрінің шеңберлерінде қаржылық жүктемені бөлу, сақтандыру жарналарын төлеуге олардың ынталарын қалыптастырудың негізгі жағдайы болып саналады. Келесі арақатынастар: сақтандыру жарналарының 2/3 шамасы жұмыс берушілердің үлесіне және 1/3-і – жұмыскерлердің үлесіне келетіні, ал жекелеген елдерде мемлекет әлеуметтік сақтандырудың кейбір түрлеріне демеу қаржы беретіні, осындай бөлудің оңтайлы пропорциялары болып саналады. Халықаралық еңбек ұйымының деректері бойынша, әлемнің кейбір елдеріндегі сақтандыру жарналарының жалпы сомасы жалақы сомаларының 50 %-дан астамын құрайды (1-кесте) [3].

1 - кесте

**Кейбір елдердің әлеуметтік сақтандыру жүйелеріндегі сақтандыру жүктемелерін бөлудің шамалары мен пропорциялары**

Елдер	Сақтандыру жарналары, жалақыдан пайыз			Жоғары сақтандыру жарнасы алынбайтын жалақының жоғары шегі
	жұмыс берушілер	жұмыскерлер	барлығы	
1	2	3	4	5
Австрия	25,1	17,2	42,3	Айына 3,0 мың еуро
Германия	21,2	19,8	41,0	Жылына 51,0 мың еуро
Греция	28,2	15,4	43,6	Жоқ
Италия	35,1	9,5	44,6	Жылына 20,5 мың еуро – медициналық сақтандыру үшін

1	2	3	4	5
Нидерланды	29,4	25,6	55,0	Жылына 37,7 мың еуро – мүгедектерді сақтандыру үшін
Франция	38,9	12,5	51,4	Жылына 25,6 мың еуро
Ресей	30,0	-	30,0	Регрессивті шкала
Қазақстан*	11,0	10,0	21,0	Әлеуметтік сақтандыру үшін айына – ең төменгі 10 жалақы. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі үшін – 75 ең төменгі жалақы

*Ескерту.* Қазақстанда жұмыс берушілер бюджетке әлеуметтік салықты Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына (МӘСК) төленген 5 % әлеуметтік аударымдар сомасы шегерілген, 11 % мөлшерлеме бойынша төлейді.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай:

– жалдамалы еңбектің жаппай формалары (экономикалық белсенді халықтың жалпы санының 80 %-дан астамы жалданбалы жұмыскерлер болған кезде);

– тұрақты жалдау (жұмыскер еңбекке жарамды жас мөлшерінде жұмысын бар болғаны екі-үш рет қана ауыстырғанда);

– тұрақты жалақы;

– сақтандыру негізінде берілетін жәрдемақы мен зейнетақы, ал қаржылық қамтамасыз етуді жұмыс беруші мен жұмыскер жүзеге асыратын жағдайлардағы алғышарттар, әлеуметтік сақтандырудың сақтандыру тетіктерінің жұмыс істеуінің базалық жағдайлары болып саналады.

Осымен байланысты сақтандыру жарналарын ұзақ кезең бойы салу (30-40 жыл) сақтандыру қаражаттарының қорын жасау үдерісін уақыт жағынан орнықты етуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда міндетті әлеуметтік сақтандыру заң жүзінде мемлекеттің, жұмыс берушінің, азаматтың және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының жауапкершілігі бөлінген.

Мемлекет әлеуметтік аударымдардың сақталуы мен мақсатты пайдаланылуына кепілдік береді, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін реттейді, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз етеді. Жұмыс берушілер жалданбалы жұмыскер үшін міндетті әлеуметтік аударымдарды уақытылы және толық аударып және қауіпсіздік пен еңбекті қорғау жөніндегі шараларды қамтамасыз етеді. Азамат жұмыс берушімен міндетті еңбек шартын жасайды және әлеуметтік тәуекелдер болған кезде әлеуметтік өтемдер тағайындау үшін оған жүгінеді.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаражатын шоғырландырады, әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдердің дербестендірілген есебін және түсіндіру-түсінік жұмыстарын жүргізеді.

Қазақстанда құрылған халықты әлеуметтік қорғау жүйесі, оның ішінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі халықаралық стандарттарға, заманауи циклдік экономика талаптары мен әлеуметтік-бағдарланған мемлекеттің параметрлеріне сай келеді.

Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, Қазақстан аумағында тұрақты тұратын және табыс табатын азаматтығы жоқ тұлғалар мен шетелдіктер міндетті әлеуметтік сақтандырумен қамтылған. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы немесе қарауындағы жандар еңбекке жарамдылығын жоғалту немесе асыраушысынан айрылу сияқты тиісті әлеуметтік тәуекел оқиғалары болған кезінде, мынадай үш көзден әлеуметтік қолдау алады:

- бірінші – республикалық бюджеттен мүгедектік бойынша мемлекеттік жәрдемақы;
- екінші – еңбекке жарамдылығын жоғалту жағдайында МӘСК-дан әлеуметтік төлемақы;
- үшінші – егер жұмыс беруші жазатайым уақиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасаған болса, жеке сақтандыру компанияларының қаражаты есебінен немесе жазатайым уақиғалардан міндетті сақтандыру шарты болмаған жағдайда, жұмыс беруші есебінен төлемақылар.

Әлеуметтік қорғау жүйесінің сандық көрсеткіштері елеулі дәрежеде экономикалық даму деңгейімен анықталады, ал тұлғалар арасындағы ынтымақтастық дәрежесі, мемлекеттік институттардың қатысуы және ынталандыру деңгейі таңдап алған әлеуметтік-экономикалық үлгімен өзара байланыста болады.

Халықаралық сарапшылардың бағалаулары бойынша, әлеуметтік сақтандырудың қаржылық тетігі, шеткері децильдер арасындағы жалақының саралануы 1:6 көп еместі құрағанда тиімді жұмыс

істейтін болады. Осы шек 1:10 құраған кезде, ол жаңылыса бастайды, ал ол артып кеткенде, әлеуметтік сақтандырудың тиімділігі күрт төмендейді.

Джини коэффициенті – халықтың табысына қатысты халықтың жікке бөліну дәрежесін сипаттайтын көрсеткіш. Оның көмегімен ақшалай табыстары бойынша азаматтардың саралануын бағалау жүргізіледі. Аталмыш коэффициент 0-ден (абсолютті теңдік) 1-ге (табыстардың мүлде тең еместігі) дейінгі шектерде табыстардың нақты бөлінуінің, ел тұрғындары арасында олардың абсолют тең бөлінуінен ауытқуын бағалайды. Сәйкесінше, аталмыш көрсеткіш неғұрлым төмен болса, қоғамдағы табыстар соғұрлым тең бөлінеді.

2015 жылдың қорытындылары бойынша Джини коэффициенті 27,8 % (0,276) белгісіне жетіп, 2 пайыздық пунктке дерлік жақсарды. Өткен жылдың қорытындылары бойынша Қазақстандағы табыстарды бөлу сапасы, табыстардың тең еместік көрсеткіші ең төменгі деңгей – 26,7% болған кездегі, 2009 жылдағы деңгейге жақындап, шамалы ғана жақсарды [4].

Егер өңірлер бойынша қарастыратын болсақ, онда сәйкесінше 20,3 %, 19,7 және 21,3 % көрсеткіштерімен Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан және Атырау облыстары халық табысының тең бөлінуі бойынша көшбасшылар болып саналады (2-кесте).

2 - кесте

**2015 жылдағы табыстардың бөліну сапасы бойынша  
Қазақстан өңірлерінің рейтингі мен динамикасы**

Өңірлер атауы		Джини коэффициенті	Өсу қарқыны 2015/2014, %
Қазақстан Республикасы		0,278	-0,7
1	Оңтүстік Қазақстан	0,197	+2,5
2	Маңғыстау	0,203	-4,6
3	Атырау	0,213	-3,4
4	Қызылорда	0,223	+0,9
5	Павлодар	0,224	+1,3
6	Жамбыл	0,225	-3,7
7	Астана қ.	0,232	-0,4
8	Алматы обл.	0,247	-0,8
9	Алматы қ.	0,250	-
10	Ақтөбе	0,261	-0,8
11	Батыс Қазақстан	0,267	+6,0
12	Қостанай	0,269	-0,4
13	Ақмола	0,277	-3,7
14	Шығыс Қазақстан	0,280	+0,4
15	Қарағанды	0,287	+0,7
16	Солтүстік Қазақстан	0,287	-0,7

*Ескерту.* Дереккөз негізінде жасалған [5].

Бұл ретте жалпыреспубликалық межеден 27,8 % артып кету: Қарағанды (28,7 %), Солтүстік Қазақстан (28,7 %) және Шығыс Қазақстан (28,0 %) сияқты 3 облыста тіркелген.

Павлодар (1,3 %-ға), Батыс Қазақстан (6 %-ға) және Оңтүстік Қазақстан (2,5 %-ға) облыстарында соңғы екі жылда халықтың табысын бөлу сапасын жақсартуда айтарлықтай жұмыстар байқалды.

Маңғыстау (минус 4,6 %), Атырау (-3,4 %), Жамбыл (-3,7 %) және Ақмола (-3,7 %) облыстарында оған керісінше үдерістер байқалады. Бұл ретте 2015 жылдың нәтижелері бойынша қоғамның 10 % ең қамтамасыз етілген және 10 % аз қамтамасыз етілген жіктерінің табыстарындағы ең үлкен айырмашылық Қарағанды (6,5 есе) және Солтүстік Қазақстан (6,2 есе) облыстарында байқалады. Осымен байланысты елдегі үздіктердің бірі саналатын екі өңірлердің де осы көрсеткіштерінің жақсару динамикасын атап көрсеткен маңызды.

Маңғыстау (3,5 есе), Оңтүстік Қазақстан (3,5 есе) және Атырау (3,6 есе) облыстары одан төмен көрсеткіштерге ие. Осымен байланысты Маңғыстау облысында өткен жылы бұл көрсеткіштің 20,3 %-ға дейін нашарлауы есте қаларлық. Бұл «науқанға» сондай-ақ Алматы (-4,1 %), Батыс Қазақстан (-3,9 %) және Қостанай (-1,1 %) облыстары кіреді.

Табыстардың аталмыш арақатынасы (қорлар коэффициенті) бірнеше жылдан бері тәжірибеде өзгеріссіз қалып келе жатқанын атап өту қажет.

Бүгінгі күні Қазақстанда, ақшалай табыстың орташа көрсеткіштерінің өсу оң динамикасына қармастан, ең жоғары табыстар мен жалақы табыстарының үдемелі өсуі азаймай, одан әрі өсе түсуі жалғасты. Осымен байланысты қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік үрдісінің жалғасуы байқалуда.

ҚР-да мемлекеттің терең ойластырылған тиімді саясатының арқасында, жұмыспен қамту жүйесінде оң өзгерістер байқалады, соған қармастан, шешілмеген проблемалар да бар. Ол, ең алдымен, еңбек нарығындағы жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерімсіздік, әсіресе жастар, мүгедектер, сондай-ақ ұзақ уақыт жұмыс істемейтін және зейнетке шығу алдындағы жас мөлшеріндегі адамдар санаттарына қатысты. Халықтың осы санаттарын жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсаттарында, бұрынғы жұмыс орындарын сақтау және жаңа жұмыс орындарын ашу бойынша жұмыс берушілерді ынталандырудың заңнамалық тетіктерін әзірлеу қажет. Осымен байланысты, өзгермелі міндеттерді шешу және оның ашықтығын сақтау жағдайында халықтың қанағаттанушылығы мен орнықтылығын қамтамасыз ету мақсаттарында, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің ресурстары мен МӘСҚ активтерін толыққанды басқару МӘСҚ-ның стратегиялық міндеттері болып саналады.

Бүгінгі күні міндетті әлеуметтік сақтандыру әлеуметтік тәуекелдер жағдайында жұмыспен қамтылған халықты қосымша қорғауды қамтамасыз ететін, қазіргі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық қатынастарының аса маңызды және қажетті элементі болып пайдаланылады. Қазіргі уақыттағы ынтымақтастық және әділеттілік қағидаттарына негізделген Қазақстанның әлеуметтік сақтандыру жүйесі олардың денсаулық жағдайына, жас мөлшеріне, жынысына, тұрғылықты жеріне қатыссыз, оның қатысушыларының теңдей мүмкіндіктері мен құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Джолдыбаева А.Б. Социальные факторы гуманизации экономического роста / А.Б. Джолдыбаева // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Экономика. — 2016. — № 2(82). — С. 98–103.
- 2 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://stat.gov.kz/> Качество жизни населения – 2015.
- 3 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.inform.kz/> Социальное страхование – базовый институт социальной защиты работающих. — 2 июня 2015 года.
- 4 Курманов А.М. Социальное страхование – базовый институт социальной защиты работающего населения // От социальной защиты – к социальному прогрессу: материалы междунар. науч.-практ. конф. — Астана, 2014.
- 5 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://group-global.org/> Организация социальной защиты населения в Казахстане. — 24 февраля 2015 г.

Л.С. Комекбаева, Г.С. Серикова, С.К. Кудайбергенова

### **Роль социального страхования в обеспечении показателей качества жизни населения**

В современных условиях система обязательного социального страхования стала важнейшим и необходимым элементом социально-экономических реформ, проводимых в Казахстане. В связи с этим особую актуальность приобретают исследования теоретико-методологических основ организации и функционирования системы обязательного социального страхования как инструмента экономического, социального развития региона. Анализ результатов единовременного обследования «Качество жизни населения», проведенного во всех областях Республики Казахстан, показал, что развитие отлаженных систем социальной защиты позволяет трудящимся и их семьям сокращать размер сбережений, откладываемых на непредвиденные обстоятельства, и вкладывать средства в образование детей, а также способствует росту внутреннего потребительского спроса и повышению уровня жизни. В статье на основе исследования практических аспектов социального страхования определены основные тенденции развития системы обязательного социального страхования, которые состоят в сохранении преимущественности базовых условий функционирования финансовых механизмов социального страхования. Так, по оценкам международных экспертов, финансовый механизм социального страхования эффективно функционирует, когда дифференциация заработной платы между крайними децилями составляет не более 1:6. Отмечено, что коэффициент Джини в Казахстане по итогам 2015 г. улучшился почти на 2-процентный пункт, достигнув отметки 27,8 % (0,276). Качество распределения доходов в

Казахстане по итогам прошлого года незначительно улучшилось, приблизившись к уровню 2009 г., когда показатель неравенства доходов был минимален – 26,7 %.

*Ключевые слова:* социальное страхование, социальная защита, государство, социальная политика, государственное пособие, социальная выплата.

L.S. Komekbaeva, G.S. Serikova, S.K. Kudaibergenova

## The role of social insurance to provide quality of life indicators for the nation

In modern conditions the compulsory social insurance system has become an important and indispensable element of social and economic reforms in Kazakhstan. In this regard, the particular relevance of the study of theoretical and methodological bases of the organization and functioning of the obligatory social insurance system as a tool for economic and social development of the region. Analysis of the one-time survey «Quality of life of the population», conducted in all regions of the Republic of Kazakhstan has shown that the development of well-functioning social protection systems enables workers and their families to reduce the savings rate, postponed for unforeseen circumstances and to invest in children's education, and promotes the growth of domestic consumer demand and higher standards of living. The scientific article, based on the practical social security aspects of the study identifies the main trends in the development of compulsory social insurance system, which consists in maintaining the continuity of the basic conditions for the functioning of financial social insurance mechanisms. So by international financial expert's social security mechanism operates effectively when wage differentiation between the extreme deciles is not more than 1: 6. The Gini coefficient in Kazakhstan by the end of 2015 improved by nearly 2 percentage points, reaching 27.8 % (0.276). The quality of the income distribution in Kazakhstan on the basis of last year, slightly improved, approaching the level of 2009, when the index of income inequality was minimal – 26.7 %.

*Keywords:* social insurance, social protection, state, social policy, public welfare payment, social payment.

### References

- 1 Dzholdybaeva, A.B. (2016). Sotsialnye faktory humanizatsii ekonomicheskogo rosta [Social factors of a humanization of economic growth]. *Vestnik Karahandinskoho universiteta. Seriya Ekonomika – Bulletin of Karaganda University, Economy series*, 2(82), 98–103 [in Russian].
- 2 Kachestvo zhizni naseleniia – 2015 [Quality of life of the population – 2015]. Retrieved from <http://stat.gov.kz/> [in Russian].
- 3 Sotsialnoe strakhovanie – bazovyi institut sotsialnoi zashchity rabotaiushchikh [Social insurance – basic institute of social protection working]. (2015, 2, June). Retrieved from <http://www.inform.kz/> [in Russian].
- 4 Kurmanov, A.M. (2014). Sotsialnoe strakhovanie – bazovyi institut sotsialnoi zashchity rabotaiushcheho naseleniia [Social insurance – basic institute of social protection of the working population]. Proceedings from From social protection – to social progress: *Mezhdunarodnaia nauchno-prakticheskaiia konferentsiia – Proceedings of the international scientific-practical conference*. Astana [in Russian].
- 5 Retrieved from <http://group-global.org/> Orhanizatsiia sotsialnoi zashchity naseleniia v Kazakhstane [The organization of social protection of the population in Kazakhstan]. (2015, 24, February) [in Russian].